

**«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы**
(2026 жылдан бастап қолдану үшін)

Тест мақсаты: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау мақсатында түсушілердің дайындық деңгейлерін анықтау.

Тест міндеті: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алуды жалғастыру үшін қазақ әдебиеті пәнінен білімді меңгеру деңгейін бағалау.

Тест мазмұны:

Тест мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарттарының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген) талаптарына сәйкес қазақ әдебиеті пәні бойынша негізгі материалдарды қамтиды.

№	Бөлім	№	Тақырыптар
01	Ежелгі дәуір әдебиеті	01	«Алып Ер Тұңға», Орхон-Енисей ескерткіштері, «Күлтегін» жыры, Қорқыт «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр», Қорқыттың нақыл сөздері, Ахмет Йассауи «Даналық кітабы», Ж. Баласағұн «Құтты білік», Әл Фараби "Қашықтасың туған жер", "Тіршілікте құрыштай бол төзімді"
02	Халық ауыз әдебиеті	02	«Керкұла атты Кендебай» ертегісі, «Аяз би» ертегісі,
		03	"Қобыланды батыр" жыры, "Қыз Жібек" жыры
		04	Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері, Әнет баба «Не арсыз. Не ғайып. Не даусыз», Төле би «Ердің бақыты – әйел», Әйтеке би «Қасқакөл дауы», Қазыбек би «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?», Сырым Датұлы «Балаби мен Сырым»
03	Жыраулар поэзиясы	05	Асан қайғы "Асан қайғының жерге айтқан сыны", Жиымбет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім», Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы», Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет»
		06	Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы» Доспамбет жырау "Қоғалы көлдер, қом сулар", "Айналайын, Ақ Жайық", Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені»
		07	Ш. Қанайұлы «Зар Заман», С. Аронұлы «Сүйінбай мен Қатағанның айтысы», М. Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа», Нысанбай жырау «Кенесары-Наурызбай», Дулат Бабатайұлы "О, Ақтан жас, Ақтан жас"
04	XIX ғасыр әдебиеті	08	М. Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны», «Мен, мен, мен едім», «Бағаналы терек»
		09	Ш.Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі», С. Торайғыров "Шығамын тірі болсам адам болып", "Шәкірт ойы"
		10	Ы.Алтынсарин «Атымтай жомарт», «Қыпшақ Сейітқұл», «Дүние қалай етсең табылады»
		11	А.Құнанбаев «Сегіз аяқ», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері, «Ескендір» поэмасы, "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін", "Ғылым таппай мақтанба" өлеңдері
		12	А. Құнанбаев қара сөздері: "Бірінші сөз", "Жетінші сөз", "Отыз бірінші сөз", «Он жетінші сөзі», «Отыз екінші сөзі», «Отыз үшінші сөзі»
05	XX ғасырдың I жартысындағы әдебиет	13	С. Сейфуллин «Сыр сандық», А. Байтұрсынұлы "Егіннің бастары", "Адамдық диқаншысы", Ж. Жабаев «Зілді бұйрық»
		14	Ш. Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» дастаны, «Жастарға», Ж. Аймауытов «Ақбілек», Қ. Аманжолов «Өзім туралы»
		15	І. Жансүгіров «Күлагер», Б. Майлин «Шұғаның белгісі»
		16	М. Жұмабаев «Батыр Баян», М. Дулатов «Бақытсыз Жамал», Ғ.Мүсірепов «Ұлпан»
		17	Т. Айбергенов «Сағыныш», Б. Соқпақбаев "Менің атым - Қожа"

06	XX ғасырдың II жартысындағы әдебиет	18	Т. Ахтанов «Күй аңызы», Т. Молдағалиев «Бауырлар», М. Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда»
		19	М. Әуезов «Көксерек», С. Сарғасқаев «Тәмпиш қара», М.Шаханов «Нарынқұм зауалы»
		20	С. Мұратбеков "Жусан иісі", О. Бөкей "Тортай мінер ақбоз ат", Б.Момышұлы «Ұшқан ұя», Д. Исабеков «Әпке» драмасы
		21	М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, І. Есенберлин «Қаһар» Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры»
		22	М. Мағауин «Шақан-шері», Қ. Қайсенов «Жау тылындағы бала» Қ. Жұмаділов «Тағдыр», Ш. Айтматов «Алғашқы ұстаз»
		23	Ш. Мұртаза «Тәуекел той», Т. Әбдіков «Қонақтар», Ұ. Есдәулетов «Біз түркілерміз»
07	Қазіргі заман әдебиеті	24	Т. Нұрмағамбетов "Анасын сағынған бала", Н. Ақыш "Нағыз әже қайда",
		25	Р. Мұқанова «Мәңгілік бала бейне», А. Алтай "Прописка", Қ.Әбдіқадыров «Қажымұқан»
		26	М. Қабанбай "Бауыр", Ж. Сахиев «Айдағы жасырынбақ»
		27	Ш.Құсайынов «Томирис», Ж. Сахиев «Дабыл», А. Сүлейменов «Бесатар»
		28	С. Елубай «Жалған дүние», Т. Әсемқұлов «Бекторының қазынасы»
		29	Қ. Мұхамбетқалиұлы "Тар кезең"
08	Көркем шығарма үзіндісімен жұмыс	30	Көркем шығарма үзіндісімен жұмыс

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:

Тесттегі тест тапсырмаларының қиындығы үш деңгейде берілген: базалық деңгейде (А) – 50 %, орташа деңгейде В – 30 %, жоғары деңгейде С – 20 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

Тесттегі тест тапсырмаларының саны:

Тест қазақ әдебиеті бойынша 40 тест тапсырмасынан тұрады. Оның ішінде:

- 25 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 5 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 1 контекст;
- 5 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 5 сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары бар.

Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Тест тапсырмалары түсушілердің қазақ әдебиетінен білімін, біліктілігі мен дағдыларын, игерген білімдерін өмірлік жағдайларда пайдалану құзыреттілігін тексеруге бағытталған.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 2 минутты құрайды.

Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу Қағидаларының 18-тармағына (ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын әдебиеттер: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».